




**КӨШ ҚАЙТСЕ  
КӨЛІКТІ БОЛАДЫ?**

5-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



**НЕСИЕ НЕСІМЕН  
ҚАТЕРЛІ?**

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



**ЗАМАНЫНАН  
ОЗЫП ТУҒАН**

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз Әділетті Қазақстанды құрудың практикалық кезеңіне қадам бастық. Қоғамда жаңа идеялар, жаңа институттар, жаңа қоғамдық қатынастар белсенді қалыптасып келеді. Қоғам мен мемлекеттің бейнесін өзгертетін нағыз реформа дегеніміз – осы. Жуырда ғана айтқан стратегиялық жоспарымыз іске асқан шындыққа айналды. Ертеңіміз біртіндеп бүгінге айналып келеді.

№91  
(4524)

Бейсенбі  
3 тамыз  
2023 жыл



# ASTANA

**ELORDA  
AQPARAT**  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

**A Q S H A M Y**

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЖЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бос жатқан және заңсыз пайдалануға берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару шарасы жалғасып жатыр. Бұл жөнінде Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлады.

«Биыл жыл басынан бері мемлекет меншігіне пайдаланылмай тұрған және заңнаманы бұза отырып берілген 1,8 миллион гектар ауыл шаруашылығы жерлері қайтарылды. Жыл соңына дейін мемлекет меншігіне жалпы көлемі 5 миллион гектар жерді қайтару жоспары бар. Мемлекеттік меншікке қайтарылған жерлер бірінші кезекте халықты жайылымдық жерлермен қамтамасыз етуге бағытталады. Қайтарылған жерлер аудандардың резервіне қойылады. Халық тиісті жайылымдық жерлермен қамтылғаннан кейін қалған бөлігі конкурсқа шығарылады» делінген Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми мәліметінде.

## СТУДЕНТТЕР ҚОНАҚҮЙДЕ ОҚИДЫ

Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері енді Астанадағы ең қымбат бес жұлдызды «Рамада Плаза» қонақүйінде оқитын болады.

Бүгінгі таңда университетте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әуелде университет 600 студентке арналып салынды, қазір бұл оқу орнында 3000 студент білім алады. Ал күрделі жөндеуден кейін университет ғимараты едәуір кеңейеді. Жөндеу жұмыстары 1,5 жылға жоспарланған.

## МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ ҚАЙДА ӨТЕДІ?

Елордада 12 тамыздан бастап мектеп жәрмеңкесі жұмыс істейді.

«Астана қаласының аудан әкімдіктері және Инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы 12 тамыздан бастап қаланың барлық ауданында балаларды мектепке дайындау үшін жәрмеңкелер ұйымдастырады. Атап айтқанда, Байқоңыр ауданында «Аймақтау» сауда орталығы, Нұра ауданында цирк тұрағы, Сарыарқа ауданында Қосшығұлұлы көшесі, 14 үй, Алматы ауданында, Абылай хан көшесі, 20 мекенжайында, Есіл ауданында «Ботаникалық бақ» тұрағында өтетін болады» деді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.



**«ASTANA  
AQSHAMY»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР**

# ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА, ЖӘРДЕМДЕС!

Елордада «Жақсылық жаса!» ұранымен дәстүрлі «Мектепке жол» іс-шарасы басталды. Акцияның басты мақсаты – әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасылардың балаларына жәрдем көрсету. Осы орайда Білім басқармасының бастамасымен, аудан әкімдіктерінің қолдауымен демеушілік қаражат есебінен 8500 оқушыға көмек көрсету көзделіп отыр.

## МӘМС ӨКІЛДЕРІ ТҮСІНДІРЕДІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 4 тамыз күні елорда тұрғындарымен есептік кездесуін бастайды. Бірінші кездесу Сарыарқа ауданы тұрғындарымен өткізіледі.

Астана қаласының «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ филиалы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, тұрғындарға МӘМС жүйесін түсіндіру, талап-тілегіне жедел назар аудару мақсатында есептік кездесу өткізеді.

Кездесу 4 тамызда Сарыарқа

даңғылы, 13 мекенжайында сағат 16.00-де басталады.

МӘМС жүйесі 2020 жылдан бастап жұмыс істейді. Медициналық сақтандыру бойынша профилактикалық тексерулерден өтіп, диагностикалық қызметтер мен медициналық оңалту, дәрі-дәрмектер және т.б. қызмет түрлерін алуға болады.



ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 488.39 \$ USD/KZT 445.04 ₸ RUB/KZT 4.84 ¥ CNY/KZT 62.11

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№91 (4524) 03/08/2023 Бейсенбі

## АУҒАНСТАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫ АСТАНАДА

Қазақстан астанасына Ауғанстанның өнеркәсіп және сауда министрі Нуриддин Азизи бастаған 210 адамнан тұратын бизнес-делегация келді. Делегацияны әуежайда Премьер-Министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин күтіп алды.

Қонақтар қатарында Ауғанстанның Орталық банкінің басшылары, ірі жеке меншік банктердің, «Да Афганистан Брешна Шеркат» (DABS) энергетикалық компаниясының, «Афган телеком» (AfTel) телекоммуникациялық компаниясының, ауыл шаруашылығы өнімдері мен мал шаруашылығы палатасының, сауда-инвестициялық палатасының, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, фармацевтика, өнеркәсіп, көлік-логистика, инженерлік, тоқыма және басқа компаниялардың өкілдері бар.

2 тамызда Қазақстан және Ауғанстан компанияларының презентациялары, B2B келіссөздері өтті. 3 тамызда бизнес-форум жұмысын бастайды, ал 4 тамызда елорда тұрғындары мен қонақтарына ауған тауарларының көрмесі (EXPO, Конгресс-орталық) ашылады. Көрмеде Ауғанстаннан түрлі азық-түлік, мыс ыдыстар, мәрмәр, кілемдер, зергерлік бұйымдар және басқа да көптеген тауар ұсынылады.

Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы тауар айналымы 2022 жылы \$987,9 млн бол-

ды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 есе жоғары (\$474,3 млн). Осы орайда көрсеткіштің шамамен 90%-ы қазақстандық экспортқа, негізінен өңделген өнімге тиесілі. 2023 жылдың 5 айында екі ел арасындағы сауда-саттық \$316,6 млн болды, оның \$310 млн-ы қазақстандық экспортқа тиесілі. Қазақстанның Ауғанстанға азық-түлік, мұнай-химия, химия, металлургия, жеңіл, машина жасау салаларында жалпы \$500 млн-нан астам сомаға экспорт жасау әлеуеті бар.



## ҚАЛА ЖОСПАРЫН ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Астанада қала бөлігінің егжей-тегжейлі орналасуын өзгерту бойынша қоғамдық талқылаулар өткізіледі. Қоғамдық талқылауды 16-21 тамыз аралығында елордалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы, сондай-ақ Есіл, Нұра, Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр аудандары әкімінің аппараттары өткізеді.

Астанада Жеңіс және Бөгенбай батыр даңғылдарының, Достық және Қабанбай батыр даңғылдарының, Қорғалжын тасколының, Анатолий Храпатый, Әбубәкір Тыныбаев, Шарль де Голль көшелерінің, Тәуелсіздік даңғылының қиылысы бөліктерінің аумағында егжей-тегжейлі жоспарына өзгерістер және толықтырулар енгізу жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар өткізіледі. Мұнда

гүлзарлар, жағалаулар және басқа да қоғамдық кеңістіктер мен ғимараттар салу жоспарланып отыр. Талқылаулар 16-21 тамызы аралығында сағат 10:00-17:00 аралығында (түскі үзіліс сағат 13:00-14:30-ға дейін, сенбі және жексенбі – демалыс күндері) Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өткізіледі.

Дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар

басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық пошталарға nura.astana.kz@gmail.com, esil.akimat@astana.kz, almaty.audany.kz@gmail.com, baykonyr@astana.kz, saryarqa.astana.kz@gmail.com немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24 үй, Республика даңғылы, 32 үй, 1-қабат, ұсыныстарға арналған жәшіктері арқылы жіберуге болады.

## ЕКІ АВТОТҰРАҚ САЛЫНАДЫ

Бас қаланың сол жағалауында екі көпқабатты паркинг пайда болуы мүмкін. Қазір осы жобаларға инвесторларды тарту мәселесі пысықталып жатыр.

Соның бірі – Бас прокуратура ғимараты мен Jusan Bank нысаны арасындағы аумақтағы көпқабатты автотұрақ. Сығанақ көшесінің бойында орналасқан ауданы 1,9376 га жер телімі жекеменшік негізінде «First Heartland Jusan Bank» АҚ-ға тиесілі. Астана қаласы Көлік және

жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының дерегінше, қазіргі кезде акционерлік қоғам көп деңгейлі автотұрақ салуға инвесторлар тарту мәселесін қарастырып жатыр. Екінші көпқабатты автотұрақ Жоғарғы Сот ғимаратының артында салынуы мүмкін. Бұл аумақта 350 көлікке

арналған тегін автотұрақ бар. Қазір осы маңда автотұрақ салу мәселесі пысықталуда. Бір айта кетерлігі, биыл қаңтар айында елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Мемлекет және басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қалада көп қабатты паркинг салу мәселесін көтерген еді.

Парламент Сенатының депутаты Андрей Лукин Астана қаласы мәслихатының депутаттарымен және елорда тұрғындарымен кездесті.

## СЕНАТОРМЕН КЕЗДЕСТІ

Андрей Лукин кездесулер барысында Сенатта жүргізіліп жатқан заңнамалық жұмыстың барысы туралы хабардар етті. Сенатор Астана қаласындағы Есіл, Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа және Нұра аудандары прокуратураларының қызметкерлерімен де кездесті. Олардың қызметімен, материалдық техникалық жабдықталуымен, елорда аудандарындағы қадағалау мекемесі мен құқықтық тәртіптің жұмысымен танысты. Депутат биылғы наурыз айынан бастап парламенттік корпус пен Бас прокуратурамен бірлесе отырып, нәтижелі жұмыс атқарғанын атап өтті.



## ЖОЛ КАРТАСЫНА САЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Елордада жыл сайын 2027 жылға дейін халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы мұқтаж азаматтарға 1200 жалға берілетін және кредиттік пәтер бөлінеді. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлімдеді.

Оның айтуынша, аталған жұмыстар «AMANAT» партиясы елордалық филиалының сайлауалды уәделерін орындау бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылуда.

– Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен жастар үшін 500-ге жуық пәтер сатып алынады. Жол картасының осы тармақтарының орындалуын бақылауды елордалық мәслихат

депутаттары жүзеге асырады. Жыл сайын 500 тұрғын үй сертификаты 2027 жылға дейін тұрғын үй сатып алу кезінде бастапқы жарнаны жабу үшін беріледі, – деді мәслихат басшысы.

## «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» – ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Астанада 1 тамыздан бастап жалпыға міндетті білім беру бағдарламасы бойынша «Мектепке жол» іс-шарасы басталды. Бұл туралы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев онлайн брифинг барысында мәлім етті.



«Мектепке жол» акциясы бойынша Астана қаласы әкімдігі бірнеше іс-шара өткізуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, жалпыға міндетті білім беру бағдарламасы аясында атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар, атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар, отбасыларда тұратын жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар және басқа санаттағы, яғни, қиын жағдайға тап болған отбасылар, оның ішінде мүгедек балалары бар жағдайы

төмен отбасыларға мектеп киімдерін, аяқ киімдерін және мектепке қажетті кеңсе тауарларын сатып алу үшін ақшалай көмек көрсетіледі. Акция аясында басқарма аудан әкімдіктерімен бірлесіп, демеушілік қаражаты есебінен әлеуметтік осал санаттағы 8 500-ден астам баланы қамтуды жоспарлап отыр. Іс-шараны өткізу 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекке дейін жоспарланған. Биылғы акция «Жақсылық жаса!» ұранымен басталды.

– Осы жылы Астана қаласы бойынша 22 700 балаға көмек көрсетіледі. Оның бірінші бағыты бюджет қаражаты есебінен 14 200 балаға көмек беріледі. Ол көмекті алу үшін ата-аналар мектепке барып, өтініш жазып, банкте арнайы

шот ашуы қажет (несиелік қарызы жоқ және бұғатталмаған банктік картаның 20 таңбалы нөмірін ұсынады). Жоғарыда аталған отбасыдан шыққан балаларға биыл жалпыға міндетті оқу қорынан көрсетілетін қаражаттың көлемі 41 мың теңгені құрайды. Ол – балаларды мектепке дайындауға арналған қаражат. Осыған байланысты, ата-аналардан берілген қаражатты тиесілі мақсатта балалар үшін жұмсалуды сұраймыз, – дейді басқарма басшысы.

– Материалдық көмекті көпбалалы отбасылар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушылар ала алады. Егер отбасы аталған санаттарға жататын болса, онда балалардың ата-аналары мектепке растайтын құжаттарды ұсынуы керек. Қандай құжаттарды тапсыру керектігі туралы ақпаратты мектептер ұсынады, – дейді басқарма басшысы.

Азаматтардың өтініштеріне жедел әрекет ету үшін білім беру ұйымдарында «Жедел желі», «Сенім» телефондары (55-69-60, 55-68-51) және қоғамдық қабылдау бөлмелері жұмыс істейді.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ғалымдар 46 мың жыл бұрын тіршілік еткен, Сібірден табылған ежелгі домалақ құрттарды ондаған мың жылдан кейін қайта тірілтті.

46 000 жылдық нематод құрттар мұздан еріген кезде тіріліп, өмірді белгісіз уақытқа тоқтата тұруға болатынын көрсетті. Шамамен 130 фут тереңдікте мәңгі мұзға көмілген құрттарды суға салғанда жан біткен. Зерттеушілердің айтуынша, өмір сүру ұзақтығы күндермен өлшенетін тіршілік иелері зертханаларда бірнеше ұрпақ қалдырғаннан кейін өлген.



Жапондық N-Ark стартапы мұхитта Dogen City деп аталатын алып қалқымалы қала құру жоспарын жариялады.

Қаланы цунамиден қорғау үшін сақина түрінде жобаланатын болады. Оның мақсаты – тұрғындарды озық медициналық қызметтермен, футуристтік роботтық хирургиямен және азық-түлік өндірісі мен жаңартылатын энергия өндіру арқылы өзін-өзі толық қамтамасыз ету. Онда тіпті ғарыш аппараттарын ұшыру алаңдарды да қарастырылған.



Шотландия жағалауында медузалар саны айтарлықтай артқан.

Ғалымдар абай болуға және үй жануарларын көзден таса қылмауға шақырып жатыр. Медузалар мұхит температурасының өзгеруінің көрсеткіші болып саналады. Теңізді қорғау қоғамы (MSC) елде кейінгі бірнеше жылда Еуропада жиі кездесетін осы тіршілік иесінің саны рекордты деңгейге жеткенін хабарлады. Медузалар үй жануарлары үшін қауіпті.

## ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР БЕРДІ

Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев және аудан әкімінің орынбасарлары ауданды аралау, аула тұрғындарымен кездесу жұмыстарын жалғастыруда.

Соның барысында биыл атқарылған бірқатар ауқымды жұмыстардың орындалу барысы, оның ішінде абаттандыру, көгалдандыру аясындағы жұмыстар тексерілді. Мәселен, аудан басшысы қала күні қарсаңында абаттандырылып, тұрғындар игілігіне берілген Ақбұлақ өзені жағалауын барып көрді. Бүгінде бұл жағалаудың Амман көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейінгі аралығы толығымен абаттандырылып, елорда тұрғындарының де-

малысына қолайлы қоғамдық кеңістікке айналған. Аталған аумақ бойынша аудан әкімі көгалдандыру және жарықтандыру жұмыстары аясында қосымша тапсырмалар берді.

Бұдан бөлек, қазіргі таңда аталған өзен жағалауының екінші бөлігі, яғни, Абылайхан даңғылынан Ш.Құдайбердіұлы даңғылына дейінгі аралығында абаттандыру жұмыстары жалғасын тауып отыр. Бұл аумақтағы ескірген алаң қайта жаңар-



тылып, заманауи қоғамдық кеңістік ретінде бой көтереді. Сонымен қатар, аула аумақтарын абаттандыру жұмыстары да қаралады.

Оның ішінде, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындармен бірге талқылау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

## «ЖАНҰЯ» ОРТАЛЫҒЫНАН КӨМЕК КӨП

Биыл «Жанұя» орталығына 10 мыңнан астам адам жүгінген. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметі алаңында «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы директорының орынбасары Құралай Жанұзақова өткізген брифингте айтылды.



Орталықта құқықтық, психологиялық көмек, АӘК сұрақтары бойынша, денсаулық сақтау, білім беру салалары, тұрғын үй мәселелері бойынша кеңес алуға болады. Мұнда көпбалалы, толық емес, аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, отбасы институтын нығайту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша консультациялық

қызметтер кешені көрсетіледі.

– Биылғы жартыжылдықта «Жанұя» орталығына 23 849 сұрақ бойынша 10 210 адам жүгінді. Атаулы әлеуметтік көмекке 7 646 адам сұрау жолдаса, оның ішінде: 2 873 – өтініш берілген, олардың 4 773-не кеңес берілді. Көпшіліктен ажырасу, алимент өндіріп алу, әкелікті тану, мүгедек жандардың қаражатқа мұқтажлығы, жұмыс берушінің айлықты мүлдем төлемей, мүгедектікті алу, сондай-ақ сот органдарына және тиісті органдарға жүгінуге арыз және шағымдарды жазып беру бойынша сұраныстар көп түседі, – дейді Құралай Жанұзақова.

Абай күніне орай Астана қаласының Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Құлақтан кіріп бойды алар» атты Абай оқуларын өткізеді. Іс-шара №5 балалар кітапханасында биыл 10 тамызда сағат 11.00-де ұйымдастырылады.

## АБАЙ ОҚУЛАРЫН ӨТКІЗЕДІ

Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу барысында ақынның қара сөздерінен ғибрат алып, әндерін шырқау, «Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға» атты кітап көрмесіне шолу жасау ұсынылады. Сондай-ақ «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің мамандары «Абай Құнанбаевтың қуғын

сүргінге ұшыраған туыстары мен ұрпақтары» көрмесі мен дәрісін өткізеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шара бағдарламасы ауқымды, әрі қызықты да танымды түрде өтеді. Олар мерекеде барлық тұрақты оқырманды және кітапхана есігін алғаш рет ашатын болашақ оқырмандарды да күтеді.



## АНА СҮТІНІҢ ҚАСИЕТІ ҚАНДАЙ?

1-7 тамыз аралығында әлемнің барлық елінде Бүкіләлемдік бала емізу апталығы өтуде. Оның мақсаты – көпшілікке ана сүтінің бала ағзасы үшін пайдалы екендігін түсіндіру. Осыған орай Астана қаласының барлық алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары мен акушерлік блогтарында «Ашық есік» күндері өткізілуде.

«Ашық есік» күндерінде неонатолог, педиатр дәрігерлер келушілерге кеңес береді. Жүкті әйелдер немесе баламен келген аналар болса дәрігерлер оларға түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Баланы табиғи жолмен емізу ана мен бала арасындағы эмоционалды байланысты нығайтады. Дәрігерлер осы орайда омыраумен емізуді қолдауға және ол кезеңді барынша ұзартуға шақырады. Баланы дұрыс емізудің артықшылықтары: тамақтандыру қауіпсіздігінің кепілі, баланы инфекциялардан қорғайды, баланы өсуі мен жетілуіне пайдасы зор, тамақтандыруға қаржылық шығындар азаяды.

1990 жылдан бастап әлемнің 170 мемлекеті ана сүтімен қоректендіру, емізу апталығын өткізіп келеді. Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, әр нәресте және басқа жас топтары дұрыс тамақтануға құқылы. Нәрестелерді туғаннан 23 айға дейін емізу жыл сайын бүкіл әлем бойынша 820 мың баланы құтқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта елімізде тек омырау сүтімен – 0-ден 6 айға дейінгі 180 мың бала және 2 жасқа дейінгі 568 мың бала (қосымша тамақтандырумен және жалпы тамақтанумен бірге) омырау сүтімен қоректенеді.

## БҰЗАҚЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Кеше елордалық үкіметтік емес ұйым өкілдері, ардагерлер мен еріктілер бірлесіп, вандализмге қарсы акция ұйымдастырды. Оның өтуіне бүгінде қоғам мен мемлекет меншігіндегі басқа да мүліктердің сыртына таңба, сурет салу, шимайлау, лас нәрсе жағып кету әрекеттерінің тоқтамауы себеп.

Акция аясында «Астана Жастары» КММ-нің еріктілері «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығының алаңында вандализмге қарсы «Қаланың келбетін сақтайық!», «Бастаманы қолдайық!», «Астана – біздің ортақ үйіміз!», «Қалада вандализмге жол жоқ! Елде вандализмге жол жоқ!» жазуы бар 200-ден астам постер таратты. Күнделікті өмірде тұрғын үй сыртынан бастап түрлі жазулар таңбаланған қоғамдық мүліктерді жиі кездестіреміз. Мұндай әрекет елорда көшелеріне көрік беріп тұрған өнер, мәдениет туындысы мен тарихи ескерткіштерге де қасақана жасалады. Бүгінде қоғам мен мемлекет меншігіндегі басқа да мүліктердің сыртына таңба, сурет салу, шимайлау, лас нәрсе жағып кету әрекеті тоқтамай тұр. Науқанға қатысқан Ауған соғысының ардагері Мейрамбек Түлекбаевтың сөзінше,



қазіргі таңда жастардың бос уақыты көптігінен олар көше бұзақыларына айналған.

– Соңғы кезде вандализм жағдайы ұшығып кетті. Ең алдымен жастарды қаламыздың көркін сақтауға шақырамын. Мемлекет ескерткіштер мен көрнекті орындар жасау үшін көп ақша бөледі. Бірақ оларды

шимайлап, бүлдіріп кету дұрыс емес. Бұл баланың тәрбиесін көрсетеді. Ата-аналар балаларына осы туралы тәрбие берсе, мұндай бұзақылар азаяды. Қазір кейбір жерлерде бейнебақылау камералары жоқ. Олардың санын арттыру арқылы да бұл дүниелерді бақылауға болады. Бұзақылық неден

болады? Әрине, жастардың бос уақыты көптігінен деп айтар едім, – дейді ардагер Мейрамбек Түлекбаев.

Астана қаласының «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектері бірлестігі» қоғамдық ұйымының төрағасы Әдепхан Ахметов те елорда тұрғындарын қаланы таза ұстауға шақырды.

### Юнеско ұйымы мектептегі сабақтарда смартфонды қолдануға тыйым салуға шақырды.

Мамандардың айтуынша, оқушылар назары гаджеттерге ауып, оқу үлгерімі төмендеп кеткен. Сондай-ақ ұялы телефонға телмірген балалардың көру қабілеті де көңіл көншітпейді. Юнеско-ның зерттеулері бойынша мектептерде технологиялық құрылғылар, әсіресе смартфондар мен компьютерлерді оқушылар тым көп қолданады.



### Биылғы шілде айы адамзат тарихындағы ең ыстық ай болды.

Мұны неміс ғалымдарының зерттеулері көрсетіп отыр. Осы айда ғаламдық температура индустриалдық кезеңге дейінгі деңгейден 1,5 градусқа асып кеткен. Бірқатар елде сынап бағанасы рекордтық деңгейге жетті. Қытайда +53, ал Италияның Сардиния аймағында 50 градусқа жақындады. БҰҰ Бас хатшысы климаттық дағдарыспен күресу үшін күш біріктіруге шақырды.



Қазіргі таңда қиылыстар мен көшелер, тұрғын үй секторының 70%-дан астамы бейнемониторингпен қамтылған. Аудан аумағында барлығы 7 925 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Оның ішінде – 1 800 камера қиылыстарда және үй маңындағы аумақтарындағы

адамдар көп жиналатын орындарда орнатылған. Маусымның соңына дейін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін ауданда тағы 200 камера пайда болады. Жыл басынан бері бейнебақылау жүйесінің арқасында аудан бойынша 158 қылмыс анықталды.



## КӨГАЛДАНДЫРУ – КӨШЕЛІ ІС

Астананың орталық көшелерінде, саябақтарда, гүлзарлар мен бульварларда гүл егу жұмыстары жалғасуда. Қаланы көгалдандыру ісі қара күзге дейін созылады.

Елорданы дамыту мәселелері жөнінде өткен кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астананы бақ-қалаға айналдыруды тапсырған болатын. Бұл ретте Президент заманауи технологияларды қолданудың маңыздылығына тоқтала келе, жасыл желектерді суарудың дұрыс жүзеге асырылмай келе жатқанын сынға алды.

– Жасыл желектерді суару әлі күнге дейін ескі әдіспен жүзеге асырылады. Тамшылатып суару қолданылмайды. Жұмыс

бұталарды және көп жылдық гүлдерді егу және дұрыс суару жұмыстары қолға алынды. Қалалық Урбанистика орталығы аудандық әкімдіктермен бірлесіп, биыл Астанада 1 млн ағаш отырғызуды және алдағы уақытта жылына 1,2 млн ағашқа дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Осылайша, үш жыл ішінде елордада 4 млн-ға дейін жаңа ағаш пайда болады.

– Қазіргі таңда біз жұмыс принципі өзгерттік және бүгінгі күннің өзінде үлкен

ағаштарды отырғызамыз, – деді Елнар Базыкенов.

«Астана-Зеленстрой» ЖШС мекемесі баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша биыл бас қалада 45 мың ағаш отырғызу жоспарлануда.

«Қалада ағаштардың жөке, сүйір жапырақты үйеңкі, кәдімгі шаған, сүмбіл терек, шырша, қарағай, ұсақ жапырақты, дала шегірінші, емен, қотыр қайың, боз жиде, мамыргүл түрлері өсіріледі. Сондай-ақ, 4 млн дана бір жылдық гүлдер, 320 мың гүлдейтін-декоративті

үйеңкі, қайың, әулиеағаш және т.б. тез өсетін ағаштар егіледі. Ағымдағы жылы Алматы ауданында 7 мың шаршы метр аумаққа қосымша 500-ге жуық бұталар, ағаштар мен жаңа көгалдар отырғызу көзделіп отыр. Байқоңыр ауданында көпжылдық гүлдер отырғызу, жасыл желектерді суару, ағаштарды кесу жұмыстары жалғасуда.

Сарыарқа ауданындағы абастандырылатын аумақтың жалпы ауданы 0,96 га құрайды. Кеңістікті салу кезінде іргелес аумақтарды көгалдандыру қажеттілігі, қала тұрғындарына барлық инфрақұрылымды ыңғайлы пайдалану үшін жайлы және кедергісіз орта құру ескеріледі. Бұл учаскеде шамамен 185 ағаш және 200 көпжылдық бұта отырғызу жоспарланып отыр.

– Ауданымызда тұрғындар үшін жайлы орта құру, энергияны үнемдей отырып жарықтандыру, көгалдандыру және абастандыру жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр. Бұл ретте біз аудан тұрғындарының тілектеріне сүйенеміз. Айта кету керек, құрылыс жұмыстары кезінде бірде-бір ағаш зардап шекпейді, керісінше, қосымша 150-ден астам жасыл көшет отырғызылады, – деді Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы.

Еліміздің бас қаласы жылдан-жылға көркейіп, көгалданып келеді. Бұл пікірді қала басшысы да растап отыр. Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл қала аумағында 1 миллионнан астам жасыл желек, атап айтқанда, түрлі ағаш көшеттері мен көпжылдық гүлдер отырғызылады. Сондай-ақ Есіл өзені бойындағы рекреация аймақтарына және саябақтарға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жалпы, көгалдандыру жұмыстары елордада күзге дейін жалғасады.



әдістерін өзгерту керек. Әзірге өте қымбат бағалар бойынша шұғыл маусымдық жұмыстарға баса назар аударылады, бұл пропорционалды емес үлкен бюджеттік шығындарға әкеледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында елорданың барлық бес ауданында бір жылдық гүлдерді, гүлдейтін декоративті

ағаштарды отырғызып жатырмыз. Мысалы, Бейсекбаев, Алаш тас жолы, Мәңгілік ел даңғылдарында көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, биыл біз Германиядан еуропалық ағаштар әкелуді жоспарлап отырмыз. Онда 20-25 жыл бойы ағаш өсіретін кәсіби питомниктер бар. Олардың магистральдары жіп тәрізді. Біз орталық көшелерге сондай

бұталар егіледі. Бір жылдық гүлдерді отырғызған кезде түрлі тагетис, цинерария, шырайгүл, арыстанауыз секілді өсімдік түрлері қолданылады. Оған қоса, тобылғы, ыргай, шығыс гүлі, раушангүл, арша, көкжалбыз гүлдейтін-декоративті бұталар отырғызылады» деп жазылған ведомство жауабында.

Жалпы, Астанада бүгінгі таңда көбінесе шегірінші, терек,

## ЗАҢСЫЗ ҚОҚЫС ОРЫНДАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

Рұқсат етілмеген орындардан 47 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды.



Астанада стихиялық қоқыстарды жою және рұқсат етілмеген орындарда қоқыс төгетіндерді жауапкершілікке тарту бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр.

Биыл қалада 56 стихиялық орын жойылды. Рұқсат етілмеген орындардан 47 мың тоннадан астам қоқыс шығарылды. Жергілікті полициямен бірлесіп, құқық бұзушыларды анықтау бойынша тұрақты рейдтік іс-ша-

ралар жүргізілуде. Осылайша, жыл басынан бері 1 700-ден астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, олардың ішінде 134 құрылыс компаниясы мен 89 қызмет көрсету ұйымы бар.

Қоқысты жинау үшін экополигонға жақын аумақ белгіленді. Онда қалдықтарды уақытша алаңға қабылдау жұмысы жүргізіліп жатыр. Аудан әкімдіктері мұнда 3 600

тоннадан астам қоқыс жеткізді.

Бүгінгі күні елордада жұмыс істейтін құрылыс компанияларының бәріне құрылыс қалдықтарын «Солтүстік жотаға» және ҚТҚ полигонына жеткізу, құрылыс алаңдары аумағында қоқысты бөлек жинауға арналған контейнерлер орнату және онда экологиялық кодекс талаптарының сақталуына қатысты хабарламалар жіберілді.

## ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

Қала көшелерінде демалуға арналған орындар мен қоқыс жәшіктері орнатылып, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар жөнделуде. Бұл туралы Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев мәлім етті.

Елордадағы Достық, Қонаев көшелері, Мәңгілік ел даңғылы алаңындағы жаяу жүргіншілерге арналған жолдарды абаттандыру жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде.

– Қозғалыс мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, кеңейтілген пандустарды салып жатырмыз. Есілдің сол жағалауындағы Достық, Қонаев көшелері мен Мәңгілік ел даңғылы – Астанадағы адам ең көп жүретін жерлердің бірі. Бұл ауданда мыңдаған тұрғын бар, олардың барлығы дерлік жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен күніне бірнеше рет өтеді. Сондықтан

осы маңда жүргізіліп жатқан жұмыстың кешігуіне жол бермеу туралы тапсырма бердім. Кейбір жерлерді әлі де түзету қажет. Жұмыстың сапасына басты мән береміз. Сондай-ақ, бұл көшелерде тұрғындардың тынығып, демалуына арналған орындар, қоқыс жәшіктерін орнатуды да жоспарлап отырмыз, – деді аудан әкімі.

Қыркүйек айында Есіл ауданында №96 мектеп ашылады. Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының жобасы бойынша №28/5 көше жағынан кіреберіс кеңейіп, жарықтандыру бағандары жылжытылады.



## ШЫБЫН-ШІРКЕЙГЕ «ШАБУЫЛ»

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы қала аумағында шыбын-шіркейлерді құрту іс-шараларын өткізіп келеді. Ол 6 кезеңнен тұрады.

Қазіргі уақытта 4-тур аясында Астана қаласында масаларды жою жұмысы жүріп жатыр. Бұл жұмыс ашық алаңдарда бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес түнгі уақытта сағат 21.00-ден 04.00-ге дейін жүргізілуде.


Елорданың шетінен шыбын-шіркей мен олардың жаппай ұшып келуіне жол бермеу мақсатында қала маңындағы қорғаныс бөгеттері тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. Жұмыс мамандандырылған дезинфекциялық машиналар мен термогенераторлардың көмегімен, хлорпирифос пен малатионның белсенді заты бар FOS класының инсектицидтік препараттарын қолдана отырып жүргізіледі.

Зиянкестермен күресу кезінде сақтық шараларын сақтау маңызды. Ол үшін алдымен егістік жерлерге баруды шектеу

қажет. Сондай-ақ, зарарсыздандыру жұмыстары жүргізілетін уақытта тұрғындарға терезелерін жауып қою ескертіледі.

Өндеу кезінде мынадай техникалар: 90-нан астам дезинфектор, 8 энтомолог-биолог, 24 термогенератор, 90 бірлік моторлы және бүріккіштер, 3 бірлік дезинфекциялау машинасы және 2 бірлік дезинфекциялау қондырғысы бар мотоцикл шассі қолданылады.

Сонымен қатар энтомологиялық ғылыми топпен жұмыстың тиімділігі тұрақты негізде бақыланады. Зиянкестермен күресу шараларының уақыты климаттық жағдайларға, атап айтсақ, жаңбыр, дауыл, температураның төмендеуі және т.б. байланысты реттеліп отырылады.



Дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



Төлен  
ТІЛЕУБАЙ**БАЛҚАШҚА ҚАЛАЙ  
БАРУҒА БОЛАДЫ?**

Қазақстандағы ең үздік, ең тартымды 10 туристік аймаққа кіретін Балқаш көлінің табиғаты тамаша-ақ. Жазда Балқашқа суға шомылуға еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті шетелдерден мыңдаған туристер ағылады. Жазғы маусымда шамамен 80-90 мың адам Балқашта демалады деген ресми дерек те бар. Алайда Балқашқа жету – азаптың азабы. Астанадан Балқашқа дейін шамамен 600 шақырым жер, автокөлікпен барсаңыз 7-8 сағатта әзер жетесіз. Астана-Қарағанды бағытына автобанмен лезде жол жүріп, 2-2,5 сағатта Қарағандыға ілігесіз. Ал Қарағанды-Балқаш-Алматы бағытындағы автобанның құрылысы 2019 жылы басталғанымен, 60 пайызы ғана салынып біткен. Жиі-жиі кездесетін айналма жолдар діңкелетіп-ақ жібереді. Астанадан автобуспен шықсаң, 9 сағат жүріп, жолсоқты болып, Балқаштан түсесің. Айтпақшы, жылдам жүретін мотоциклмен де екі аралыққа 9 сағатта жетуге болады. «Астана-Балқаш» бағытындағы пойызға мінсеңіз, 1 тәулікте қалаға жетесіз. Пойыздың плацкарт вагонында 1 билеттің құны – 3500 теңге, купеде – 5000-5500 теңге, арнайы вагонда – 10 000 теңге. Бұл енді баратын жолыңыз туралы ақпарат.

**ҚОНАҚҮЙЛЕР  
ҚҰНЫ ҚАНША?**

Әрине, вокзалда пойыздан түскен соң, тоқтайтын қонақүй я болмаса демалыс орындарын іздейсіз. Қалаға бірінші рет барған адам туризм аса дамымаған шағын қалада ең алдымен смартфонның көмегіне жүгінеді. Гуглден «Дома отдыха Балқаша» деп жазсаңыз, демалатын жерлер қаптап шыға келеді. Олардың дені көлдің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Шұбартүбек кенті мен Тораңғылық ауылында орналасқан. Бұл – демалуға өте ыңғайлы, көлдің жағасында



Жазда бәріміз демалысқа шығып, жанұшырып демалатын жер іздейміз. Себебі, 2-2,5 айға созылатын маусымда демалыс аймақтарындағы баға бірден бірнеше есеге «секіріп» кетеді. Оның үстіне орын таппайсыз. Иә, иә, сенбесеңіз, Балқашқа барып, бәрін өз көзіңізбен көріңіз. Бір ғана Балқаштың мысалында осы мәселені барынша ашық талдап көрейік.

жұмсақ құмы бар, шағын инфрақұрылымы дамыған аймақ. Бір ғана Тораңғылық ауылына жақын жерде 15-ке жуық демалыс орындары бар. Одан кейін, Шұбартүбекте 10 қонақүй мен демалыс базасы жұмыс істейді. Қонақүйлердегі бір орынның құны 2500 теңгеден басталып, 45 000 теңгеге дейін барады. Демек, сервис те сол бағасына қарай, әртүрлі деген сөз. Мысалы, Шұбартүбек шипажайы кентіндегі «Досжан» атты демалыс үйіне бір күн тұрудың құны ерлі-зайыптыларға бір баласымен бірге 40-45 мың тең-

генің көлемінде болады. «Неге соншалықты қымбат?» деп таң қаласыз. Себебі, Балқаштың жанындағы көлдің айналасында жоқ ұсақ құмды жағажай, жайлы да тыныш бөлмелер, теннис корты, тренажер залы, жағажайдағы футбол мен волейбол, фин және орыс моншасы, жазғы кинотеатр, би билейтін алаң, жағажайдағы мейрамхана осы демалыс үйінде ғана бар. Әрине, баға қымбат десеңіз, одан арзандау, 7000-10000 теңгенің қонақүйлерін де тез табасыз. Балқашқа жақын жерде Барковский ауданында да

1 тәулікке 15 000 теңгеге өте жайлы қонақүйлерді табуға болады. Яғни, демалыс орнының жағалаудан алыс-жақындығы, демалушыларға жасалатын жағдай, сервистің деңгейі де бағаға әсер етеді.

«Балқаштың жанындағы көлге барсаң, ол жердің суы таза емес, әрі жағасында құм жоқ. Дұрыстап, алаңсыз, демалыс десен, Тораңғылықтағы я болмаса Шұбартүбектегі демалыс үйлері бар. Әй, бірақ ол жақта орын жоқ. Суға шомылатын маусымның нағыз қызатын кезі – шілде, тамыз айлары. Өткенде 10 шілдеде Алматыдан достарым келіп, Тораңғылықтан демалатын жер іздедік. Телефондарын тауып алып, орын сұрап едік, 20 маусымға дейін сервисі мықты демалыс үйлерінің бірде-бірінен орын жоқ екенін айтты. Бұл жаққа көбінесе ақшасы көп адамдар, шенеуніктер мамыр, маусым айларында тапсырыс беріп, барлық орынды сатып алады» деп Балқашта тұратын сыныптасым Алматы қазіргі кезде орын табудың қиындығын түсіндіріп берді.

**ЖОЛ САЛУШЫЛАРДЫҢ  
ШАЛАҒАЙЛЫҒЫ**

Тораңғылық демекші, осы жазда құрылысы жүргізіліп

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ҮЗДІК, ЕҢ ТАРТЫМДЫ 10 ТУРИСТІК АЙМАҚҚА КІРЕТІН БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ТАБИҒАТЫ ТАМАША-АҚ. ЖАЗДА БАЛҚАШҚА СУҒА ШОМУЛУҒА ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН МЫҢДАҒАН ТУРИСТЕР АҒЫЛАДЫ. ЖАЗҒЫ МАУСЫМДА ШАМАМЕН 80-90 МЫҢ АДАМ БАЛҚАШТА ДЕМАЛАДЫ ДЕГЕН РЕСМИ ДЕРЕК ТЕ БАР**

айқайлағанымен, автобанды салушылар «бұрылыс салу жолдың қауіпсіздігіне әсер етеді» деп өтінішті қанағаттандырмаған. Ол ол ма, Балқаш пен Тораңғылық ауылының арасын жалғайтын 7 шақырым жолға да асфальт төселмегені жанына батады. Жолдың кесірінен демалушылардан қағылған жұрт бағаны 2-3 есеге дейін көтеріпті десеңіз.

**БАҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ  
САЙ КЕЛЕ МЕ?**

Балқаштағы суға шомылу кезеңі маусым айының ортасында басталып, қыркүйекке дейін созылады. Қазіргі кезде көлдің жағалауында ұзын-саны 50-ге жуық демалыс орындары бар. Соның ішінде 10 шақтысы ғана Балқаш қаласында орналасқан. Бірден байқалатыны, бұл жердегі шағын қонақүйлерде, демалыс нүктелерінде бәсекелестік жоқ. Баға «шып» тұр. Бір шағын қонақүйдің бөлмесін 7000-10000 теңгеге жалға аласың. Ас-суы да қымбат. Мысалы, жай ғана шай ішуге тәтті бәліш сатып алсаң, 1500-2000 теңгенді шытырлатып санап бересің. Баға қызмет көрсету сапасына сай келмейтінін айтып, келушілер жиі-жиі шағымданып жатады. Әрине, біздің айтқанымыз бен жазғанымыз бір басқа, сіздің көргеніңіз бір басқа болып та шығуы мүмкін. Сол үшін, мың рет естігенше, бір рет көрген артық дегендей, өз көзіңізбен көріп қайтыңыз.

**ЖАСТАР ЛАГЕРЬДЕ ЖҮР**

Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен бас қала жастары «Жастар жолы» жастар лагеріне барып, демалып қайтты. Бурабай ауданы Қатаркөл ауылының маңында орналасқан «Greenwood» демалыс базасында өткен екі күндік шара барысында ойын-сауық және танымдық бағдарлама ұсынылды.

Көшбасшылық дағдыларды, кәсіби құзыреттіліктерді және басқа да маңызды дағдыларды дамытуға бағытталған тренингтер мен дәрістер барысында арнайы шақырылған сарапшылар Мақсат Жақауов, Жандос Кәрімбаев және Бауыржан Айткәрімов құнды әрі пайдалы ақпаратпен бөлісті. Қатысушылар өзара ән байқауында өз бақтарын сынап, вокалдық өнерлерін көрсетті. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Бос уақыттарында жастар бір-бірімен әңгіме-дүкен құрып, бассейнде жүзіп, орманда серуендеді. Күн батқасын қатысушылар алаудың жанында жиналып, гитарамен сүйікті әндерін шырқады. Бурабайдағы тарих пен сырға толы Абылай хан алаңында серуендеді. Қатысушылар ұйымдастырушыларға тағылымы мол шара үшін алғысын жеткізіп, ерекше әсер мен жағымды эмоциялар алғанын атап өтті.













## АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ ҚҰРЫЛДЫ

Елордада Нұра ауданының «Ардагерлер ұйымы» жаңа қоғамдық бірлестігін құру бойынша алғашқы құрылтай конференциясы өтті.



Жиынға Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, аталған аудан құрамына енген бастауыш ардагерлер ұйымдарының өкілдері, Есіл аудандық және қалалық ардагерлер кеңесінің белсенділері, пленум мүшелері, Нұра ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов, әкімнің орынбасары Әлия Әбсеметова, Есіл ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы Рысты Атығаева, әкімдік қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты. Конференция қатысушылары бірауыздан Нұра ауданының «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы етіп Айтмағамбет Аиповты сайлады. Жаңа кеңес құрамына 23 адам сайланды. Барлық ұйымдастыру-сайлау рәсімдері аяқталғаннан кейін жаңа аудандық Ардагерлер кеңесінің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттер талқыланды.

– Алматы, Есіл аудандары кеңестерін алғашқы күндерінен басқарғаныма 15 жыл болды. Барлық ардагерлерді бірлескен жұмыс арқылы білеміз. Жасыратыны жоқ, біздің аудан ардагерлері қалалық кеңестің белсенді отрядтарының бірі болып табылады. Аудандық кеңес базасында республикалық

семинар-кеңес өткізді, зейнеткерлердің бос уақытын тиімді өткізу үшін шағын орталықтар ұйымдастырылмады, қалада бірінші болып аудан ардагерлерінің «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» 2020 жылы ашылды. Өмір бір орында тұрмайды. Ауданымыздан жаңа Нұра ауданы өсіп, құрылғанына қуаныштымыз. Біз сіздермен байланыста боламыз, қолымыздан келгенін бәріне көмектесеміз және қолдау көрсетеміз, – деді Есіл аудандық кеңесінің төрағасы Рысты Атығаева.

Қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов аудандық Ардагерлер кеңесінің алдағы міндеттерін қысқаша атап өтті.

– Біріншіден, әрбір бастауыш ұйымда ұйымдастырушылық одақшыл жұмысты көтеріп, оның нәтижесі бастауыш ұйымдардың сандық және сапалық құрамын өсіруі тиіс. Екі жыл ішінде ұйымдардың сандық құрамын 25 мың ардагерге жеткіздік. Келесі жылы жағалау ауданында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығын» ашқан жөн. Қалалық Ардагерлер кеңесі Денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, зейнеткерлердің өтініштері бойынша қаланың

емханаларында аға буынды, қала ардагерлерін қабылдау үшін геронтологиялық кабинеттер ашуға бастамашылық етті. Бұл егде жастағы тұрғындарға медициналық көмек көрсету мәселесін түбегейлі шешуге көмектеседі. Осы арқылы зейнеткерлерге арналған медициналық қызмет көрсету қағидаты жүзеге асырылатын болады, геронтология орталықтар мен стационарлар желісі дамиды. Біз қаланың барлық төрт ауданында зейнеткерлердің қалалық әлеуметтік қорғау, медициналық қызмет көрсету, Мәдениет және спорт, Ішкі саясат қызметтерінің басшыларымен, қалалық және аудандық әкімдіктердің өкілдерімен, мәслихат депутаттарымен «ҚР-да 2025 жылға дейін белсенді ұзақ өмір сүру «Аға буын азаматтарының жағдайын жақсарту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспарының» негізгі ережелерін түсіндіру бойынша кездесулер өткіздік. Уақыт өте келе сіздің аймағыңызда осындай кездесу өткіземіз, – деді ол.

**Амангелді ӘШІРОВ,**  
Астана қаласы  
Ардагерлер кеңесі  
медиа тобының  
төрағасы

## АСТАНАЛЫҚ ҒАЛЫМНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар факультетінің оқытушысы Нұрзада Амангелді қазақша ымдау тілін танудың интеллектуалды жүйесін жасап шығарды.

Бірегей әзірлеме ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған. Жүйе – қазақша ымдау тіліне бейімделген және бұл оның басты бірегейлігі. Жүйені әзірлеу барысында ол бір ымның бірнеше нұсқасын дайындаған. Ғалым оларды көрсетілу күрделілігі бойынша топтарға бөліп, әрқайсысы үшін жасанды нейронды желі моделін әзірлеген.

Жүйе болашақта ым әліпбиін, ым тілін білетін сурдоаудармашыларды дайындай алады. Мұндай мамандар түрлі мемлекеттік ұйымдарға қажетті. Бүгінгі таңда біз мобильді қосымша жасауға кірістік. Оның көмегімен ым тілімен өзара сөйлесуге болады. Сөйлеуді мәтінге, мәтінді ымға және керісінше түрлендіретін жүйе құрылады. Осы жобамның арқасында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мектепте ыңғайлы оқуы, медициналық және мемлекеттік мекемелерде қызмет алуы және еркін сөйлесуі мен үшін өте маңызды. Осы тақырыпты зерттеп, өз үлесімді қосу – азаматтық борышым, – деп түсіндірді ғалым.

Зерттеу нәтижесі бойынша Нұрзада Амангелді авторлық



күәлікке ие болды және әлемдік рейтингі жоғары журналдарда 3 мақала жариялады. Өткен жылы ғалым ЕҰУ «JANA ASU» ішкі гранттық қаржыландыруын иеленді.

«Қазақстандық саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің вице-президентімен кездесу барысында олардың балаларды оқытуға қатысты мәселелерін білдім. Қазақша және басқа тілдер бойынша ымдау тілін үйретуге арналған зияткерлік тренажер – саңырау қоғамындағы есту қабілеті бұзылған балаларға үлкен көмек көрсете алатын қажеттілік. Мұндай оқыту жүйесі балаларға ымдау

тілін үйренуге және қоршаған ортада қарым-қатынас жасауды үйренуге мүмкіндік береді. АҚШ пен біздің ғалымдар тобы елдегі есту және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдар үшін білім беру және оған қолжетімділік саласында бірқатар зерттеулерді бастады. Біздің бірлескен жұмысымыз елімізде ғана емес, Орталық Азияда пайдалы болатын үлкен ғылыми жобаға айналады деп сенеміз, – деді Нұрзада Амангелді.

ЕҰУ ғалымы өзінің ғылыми әзірлемесін коммерцияландыруды қолға алмақ. Ол ҚР Ғылым қорының байқауына қатысу үшін өтінім жолдады.

Бір жолы қызуым көтеріліп, қаралуға Астанадағы қалалық №10 емханаға келдім, өзім осы жерге тіркелгенмін. Ішке кірдім. Есік алдында жоғары санатты дәрігер Тілек Тұмарбеков Байдүйсенұлы деген жазуға көзім түсті. Медбикесі – Жазира Еркінқызы.

## ЖЫЛЫ ЖҮЗБЕН ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

Кезек көп екен. Күтуге тура келді. Кезекте тұрған бір адамды сөзге тарттым. Амандасып алған соң, аты Сағын екенін білдім. «Бұрын ертеректе емделдім, өте жақсы дәрігер, қолы шипалы, бұдан 2 жыл бұрын емделгенмін. Сосын көп іздеп зорға таптым, 1 ай іздеп жүріп таптым» деп сөзін қысқаша қайырды. Өзі сүйікті дәрігерін тапқанына қуанышты екен. Әне-міне дегенше кезегім келіп қалды. Медбике Жазира «кіріңіз» деді жылы шыраймен. «Сәлеметсіз бе?» деп ішке кірдім. Иманжүзді дәрігер Тілек Байдүйсенұлы қан қысымымды өлшеп болған соң: «Салқындағансыз, бес күн ем алуыңыз керек» деді күлімсіреп. Бес күндей ем-дом алып жүрдім. Күшті дәрігер, білікті маман екеніне көзім беленген жан екенін сол жерде емделіп жатқан жандардан көп



естіп, осы мақаланы жазуыма тура келді. Жанындағы медбикесі – Жазира Еркінқызы да мейірімді жақсы жан екен. Жылы жүзбен адал қызмет етті. Тілек Байдүйсенұлы сынды жоғары санаттағы дәрігерлерге елге көрсетіп жүрген осындай адал қызметі үшін

алғыс білдіргім келеді. Елдің елеулі, халықтың қалаулы ұлы болып, емі халыққа шипа болсын деген тілектемін.

**Талғат САЙЛАУ,**  
ақын, Қазақстан  
Журналистер  
одағының мүшесі

## МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР ТІЗІМІ

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕРДІҢ ЖАҢА РЕДАКЦИЯСЫНДА 19 МЕРЕКЕЛІК, 9 МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ БІР ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ БЕКІТІЛДІ.**

**МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР:**

Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстаннан шығарылған күні – 15 ақпан;  
Алғыс айту күні – 1 наурыз;  
Аналар күні – мамырдың екінші жексенбісі;  
Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні – 31 мамыр;  
ҚР Мемлекеттік рәміздері күні – 4 маусым;  
Әкелер күні – маусымның үшінші жексенбісі;  
Ұлттық домбыра күні – шілденің бірінші жексенбісі;  
Абай күні – 10 тамыз;  
Спорт күні – тамыз айының үшінші жексенбісі;  
Семей ядролық полигонының жабылған күні – 29 тамыз;  
Білім күні – 1 қыркүйек;  
Отбасы күні – қыркүйектің екінші жексенбісі;  
5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні;  
Еңбек күні – қыркүйектің соңғы жексенбісі;  
Қарттар күні – 1 қазан;

Нан күні – 16 қазан;  
Энергияны үнемдеу күні – 11 қараша;  
Ұлттық валюта күні – теңге – 15 қараша;  
ҚР Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсан.

**МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР:**

Жаңа жыл – 1-2 қаңтар;  
Халықаралық әйелдер күні – 8 наурыз;  
Наурыз мейрамы – 21-23 наурыз;  
Қазақстан халқының бірлігі мерекесі – 1 мамыр;  
Отан қорғаушылар күні – 7 мамыр;  
Жеңіс күні – 9 мамыр;  
Астана күні – 6 шілде;  
ҚР Конституциясы күні – 30 тамыз;  
Тәуелсіздік күні – 16 желтоқсан.

**ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ:**

ҚР Республика күні – 25 қазан.



## ТӨЛЕН ШЫҒАРМАСЫМЕН ТОП ЖАРДЫ

Ұлттық академиялық кітапхана «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жариялаған «Бізді біріктіретін кітап» байқауының жеңімпаздары анықталды. Бұл байқауда Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі бірінші орынды иеленді.



Байқау шарты бойынша қатысушылар көрнекті жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Франц Кафка атындағы алтын медаль мен

Мемлекеттік сыйлықтың иегері Төлен Әбдіктің шығармалары бойынша шағын бейнеролик немесе слайд жасау керек болды. Қаламгер өлең де жазады.

Елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесі оның поэзиясынан бейнежазба дайындап, байқауға ұсынды. Қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқов пен

көрнекті композитор Төлеген Мұхамеджановтың музыкасымен көркемделген сол бейнежазбада: «Адам сезімін ұштастыратын, әлемнен іздегенді тапқандай күйге түсіретін ғажайып сәттер бар. Сол сәттерді толғайтын шығармалар да бар. Адамды адамға дос қылатын, білімге көзіңді ашатын бұл – кітап» делініп, Төлен Әбдіктің «Оң қол», «Тозақ оттары жымындайды», «Парасат майданы», «Ақиқат» және «Қайырсыз жұма» кітаптарын оқу ұсынылды.

Аталмыш бейнежазбаға Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің оқырмандары Әділет Еркінбеков пен Назерке Кененбаева қатысты. Сондықтан бұл жеңіске олардың қосқан үлесін де атап өту керек. Ал екінші орынды Қызылорда облысы Қармақшы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің бейнеролигі, үшінші орынды Айтолқын Мүсілімованың бейнежазбасы, ынталандыру сыйлығын Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бектөбе ауылдық кітапханасының оқырманы Асланби Сарбашев иеленді.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

## ЖАС СУРЕТШІЛЕР МЕН МҮСІНШІЛЕР КӨРМЕСІ

Астанадағы Forte Kulanshi Art Space қазіргі заманғы өнер орталығында «Анау-тупау» көрмесі өтіп жатыр. Көрмеге Ринат Әбенев, Ербол Сәрсенбайұлы, Бекзат Орынбеков, Марат Әбішев және Лизавета Антропова есімді жас суретшілер мен мүсіншілердің туындылары қойылды.

Forte Kulanshi Art Space қазіргі заманғы өнер орталығы кураторлар кеңесінің төрайымы Лейла Махаттың айтуынша, аталмыш көрме жастардың өнерін насихаттау үшін ұйымдастырылды. Ринат Әбенев, Ербол Сәрсенбайұлы және Бекзат Орынбеков Qaz Sculpture Team аталатын шығармашылық топтың мүшелері. Осы топтың жетекшісі Ринат Әбенев – танымал мүсінші. Оның қолынан шыққан мүсіндер Астанада және еліміздің басқа да қалаларында орнатылған. Атап айтқанда, ол – елордадағы Керей және Жәнібек хандар ескерткішінің, биыл бас қалада ашылған Кенен Әзірбаев мүсінінің авторы.

Ал Марат Әбішев пен Лизавета Антропова – суретшілер. Марат кәсіби түрде граффитимен айналысады. Соның ішінде муралдарды да салады. Ал Лизаветаның акварельдік пейзаждарында елорда көріністері бейнеленген. Онда жаңадан бой көтерген тұрғын үй кешендері, құрылыс қрандары, ескі қала, яғни оң жағалау көріністерін тамашалауға болады. Суретші көзбен көргенін кенепке көшіре салмай, туындыларын өзіндік көзқараспен салады.

Көрмені 19 қыркүйекке дейін тамашалауға болады.



## ҚАРАҒАНДЫ ТЕАТРЫ КЕЛЕДІ

11-13 тамыз күндері «Астана Опера» сахнасында Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының труппасы өнер көрсетеді. Ұжым елордалық көрермендерге үш күн бойы ересектер мен балаларға арналған ең қызықты спектакльдерін ұсынады.

Ересектерге И.Кальманның «Марица» және И.Штраустың музыкасына жазылған «Жарқанат» оперетталары, Г.Гладковтың «Шөп қорыған ит» музыкалық комедиясы, ал балаларға «Аладдин» және «Бремен музыканттары» музыкалық ертегілері және «Қар патшайымы» мюзиклі қойылады. Барлық спектакльдер «Астана Операның» үлкен залында өтеді.

Биыл Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының құрылғанына 50 жыл толды. Бұл жолғы сапар – «Астана Опера» сахнасындағы үшінші гастролі. Ал «Астана Опера» театрының опера труппасы мен хоры биылғы мамыр айында Қарағандыға барып, С.Рахманиновтың «Алеко» операсының концерттік нұсқасын ұсынған.



## ТЕННИСШІЛЕР ТАРТЫСЫ

Астана қаласы «Дәулет» теннис орталығында арбадағы теннистен Қазақстан чемпионатының жеңімпаздары анықталды. Жарысқа Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе, Ақтау және Орал қаласынан спортшылар келді.

Паралимпиада ойындарының бағдарламасына енетін бұл спорт түрі елде енді қалыптасып келеді. 2022 жылы Алматы қаласында алғаш рет арбаға танылған теннисшілер Қазақстан чемпионатында сынға түсті.

Елордада өткен чемпионатқа қатысушылар қыздар және ерлер арасында, әрі жас-жасқа бөлініп бақ сынады. 14-15 жас арасындағы қыздар бәсекесінде астаналық София Степанова қарсыластарынан аяласын асырып, бірінші орын алды. Ал 16 жастан жоғары қыздар арасында қарағандылық Айшуақ Жетпісованың бағы жанды.

Әйелдер арасындағы жұптық бәсекеде қос қарағандылық А.Жетпісова мен А.Бітімбаева үздік шықты. Олар финалда астаналық С.Айдарханова мен ақтөбелік А.Бердешевадан аяласын асырды.

14-15 жас аралығындағы ұлдар арасында Алматы қаласының намысын қорғаған Иван Соловьев бірінші орын алса, 16 жастан жоғарғылар арасында Ақтөбе қаласының өкілі Дастан Ниязов дараланды. Ерлердің жұптық сыны тартысты өтті. Қарағанды қаласының теннисшілері Ф.Старыгин мен Е.Быков финалда Ақтөбе қаласының өкілдері А.Шонгарин мен Д.Ниязовты ұтты.

Қазақстан теннис федерациясы инклюзивтік даму департаментінің кураторы Сергей Селивановтың сөзінше, екінші рет ұйымдастырылған ел чемпионаты жоғары деңгейде өтті.

– 2027 жылы өтетін Параазия, 2028 жылы Паралимпиадалық ойындарға қатысып, жүзде алуды мұрат етіп отырмыз. Жеңіс оңайшылықпен келмейтіні анық. Бұл жолда теннисшілерді баптап, ерік-жігерін жанып, өз-өзіне деген сенімділігін арттырамыз, – деді ол.

Чемпионат жеңімпаздарынан халықаралық турнирлерде ел намысын қорғайтын ұлттық құрама жасақталады.

